



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Қазан 2025

2025 жылғы қазанда елде жылдық инфляция 12,6%-ға дейін баяулады (қыркүйекте – 12,9%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 13,5%-ға (қыркүйекте – 12,7%) және 11,0%-ға дейін (қыркүйекте – 10,8%) жеделдеді, ақылы көрсетілетін қызметтің бағасы 12,9%-ға (қыркүйекте – 15,3%) дейін бәсеңдеді.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 10 өңірде баяулады, 6 өңірде жеделдеп, төртеуінде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды және Ұлытау облыстарында (14,2%-дан) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 қазан – 2025 қазан), %-бен

Қарағанды	8,7 14,2	Батыс Қазақстан	9,4 12,6
Ұлытау	6,9 14,2	Қазақстан Республикасы	8,5 12,6
Атырау	8,7 13,8	Шығыс Қазақстан	9,1 12,5
Ақтөбе	8,6 13,5	Павлодар	8,5 12,3
Алматы	5,8 13,4	Түркістан	7,7 12,3
Солтүстік Қазақстан	9,0 13,4	Қостанай	7,4 12,1
Ақмола	8,3 13,3	Маңғыстау	9,7 12,1
Шымкент қ.	7,2 13,2	Абай	9,2 11,9
Астана қ.	10,2 13,0	Жамбыл	6,9 11,6
Жетісу	8,1 12,9	Қызылорда	8,4 11,3
		Алматы қ.	9,4 11,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ұлытау (16,7%), Ақмола (16,3%) облыстарында, Астана (15,7%) және Шымкент (15,6%) қаларында, Солтүстік Қазақстан (14,9%), Павлодар (14,8%), Қарағанды (14,6%), Батыс Қазақстан (14,1%), Түркістан (13,9%) және Жетісу (13,7%) облыстарында елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 13,5%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Ақтөбе (14,0%), Жетісу (13,0%), Ақмола және Ұлытау (12,3%-дан), Алматы, Шығыс Қазақстан және Абай (12,0%-дан), Маңғыстау (11,9%), Солтүстік Қазақстан (11,8%), Қарағанды (11,7%), Атырау облыстарында және Астана қаласында (11,5%-дан), Шымкент қ. (11,4%), Түркістан (11,2%), Қызылорда (11,1%) облыстарында елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 11,0%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызметтің бағасы Атырау (18,2%), Қарағанды (15,9%), Алматы (15,6%), Батыс Қазақстан (14,3%), Алматы қ. (14,0%), Солтүстік Қазақстан (13,8%), Қостанай (13,7%) және Ұлытау (13,2%) өңірлерінде жалпы республикалық деңгейден (12,9% ж/ж) жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	13,5	11,0	12,9
Ақмола	16,3	12,3	10,2
Ақтөбе	13,4	14,0	12,9
Алматы	13,4	12,0	15,6
Атырау	12,7	11,5	18,2
Батыс Қазақстан	14,1	8,7	14,3
Жамбыл	12,9	9,6	11,6
Қарағанды	14,6	11,7	15,9
Қостанай	12,5	10,1	13,7
Қызылорда	13,3	11,1	8,6
Маңғыстау	13,4	11,9	9,9
Павлодар	14,8	10,0	11,5
Солтүстік Қазақстан	14,9	11,8	13,8
Түркістан	13,9	11,2	10,8
Шығыс Қазақстан	12,8	12,0	12,6
Астана қ.	15,7	11,5	12,2
Алматы қ.	10,4	8,5	14,0
Шымкент қ.	15,6	11,4	12,0
Абай	12,6	12,0	11,0
Жетісу	13,7	13,0	11,1
Ұлытау	16,7	12,3	13,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы қазанда елде айлық инфляция 0,5% болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Алматы облысында (1,1%) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы қазанда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	0,5
Алматы	1,1
Атырау	1,0
Қызылорда	1,0
Жетісу	1,0
Маңғыстау	0,9
Солтүстік Қазақстан	0,9
Шығыс Қазақстан	0,9
Ұлытау	0,9
Ақмола	0,8
Абай	0,8

Қостанай	0,7
Түркістан	0,7
Шымкент қ.	0,7
Жамбыл	0,6
Ақтөбе	0,5
Батыс Қазақстан	0,5
Павлодар	0,3
Қарағанды	0,2
Астана қ.	0,1
Алматы қ.	-0,1

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ